

Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 1000 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12555 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 22 қазандағы № 830 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 830 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы 7-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.10.2020 № 726 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Кадр жұмысы департаменті (А.Ү. Әбдіғалиев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі*

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 7 желтоқсандағы
№ 1000 бұйрығымен бекітілген

Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидалары

1-тарау "Жалпы ережелер"

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.02.2020 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды (бұдан әрі - кандидат) іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.02.2020 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

арнайы тексеріс – кандидатты алдын ала зерделеу бөлігінен тұратын және кандидаттың, оның жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), кандидаттың жұбайының (зайыбының) жақын туыстарының оның өмірбаянында беделіне нұқсан келтіретін негіздердің болуын немесе болмауын анықтау мақсатында жүзеге асырылатын жалпы және арнайы іс-шаралар кешені;

айқындама деректер – кандидаттың, оның жақын туыстарының, кандидаттың зайыбының (жұбайының), кандидаттың жұбайының (зайыбының) жақын туыстарының жеке басын сәйкестендіру, сондай-ақ олардың тұрғылықты мекенжайын (тіркелген жерін), жұмыс (оқу) орындарын анықтау үшін қажетті сауалнамалық-өмірбаяндық және басқа да деректері;

кадрларды іріктеу – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) кадр және басқа да бөліністерінің кандидаттарды лауазымға қойылатын талаптарға сәйкестігі мәніне алдын ала зерделеу, тексеру және ПО штатына нақты лауазымға қабылдау (не қабылдамау) жөніндегі қызметі;

кадрларды алдын ала зерделеу – ПО штатына қабылдағанға дейін жүзеге асырылатын кандидаттың, оның жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), кандидаттың жұбайының (зайыбының) жақын туыстарының оның өмірбаянында беделіне нұқсан келтіретін негіздердің болуын (немесе болмауын), сондай-ақ денсаулық жағдайының, қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін қажетті жеке және кәсіби қасиеттерінің сәйкес келуін (немесе сәйкес келмеуін) белгілеу жөніндегі жалпы және арнайы іс-шаралар кешені (жедел тексеруді қоса алғанда);

Кадрлық болжам – кадрлардың болашақ жағдайы мен даму бағыттары туралы дәлелді ұсыныстар жүйесі;

кандидат – ПО-ға қызметке (оқуға) түсетін Қазақстан Республикасының азаматы (кандидаттар ПО-ға бірінші рет түсетіндер және ПО, басқа да құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарының бұрынғы қызметкерлері болып бөлінеді);

кәсіби құзыреттер – кандидаттың тиісті лауазымда міндеттерді тиімді орындауы үшін қажетті білімдерінің, машықтары мен дағдыларының жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.02.2020 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды алдын ала зерделеу және іріктеу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.02.2020 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Кадрларды алдын ала зерделеу және іріктеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ПО-ның кадр аппараттарына жүктеледі.

4. ПО-ға кадрларды іріктеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 998 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12679 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында кадрлық болжамды жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес кадрлық болжамды ескере отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.02.2020 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. ПО-ға кадрларды іріктеу тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 870 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14305 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесіне, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс пен тағылымдама өткізу қағидаларына сәйкес анықталады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.02.2020 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. ПО-ға қызметке (оқуға) түсетін азаматтар үшін жас ерекшеліктеріне шектеулер Заңмен анықталған.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.02.2020 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Кандидаттарды алдын ала зерделеу және іріктеуді ПО-ның кадр аппараты жүзеге асырады.

8. Кандидаттарды алдын ала зерделеу арнайы тексеріс, медициналық және психологиялық-физиологиялық куәландыру, дене шынықтыру дайындығының талаптарына сәйкестігін және кәсіби құзыреттерге сәйкестігін тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Медициналық, психологиялық-физиологиялық куәландыру, оның ішінде полиграфологиялық зерттеу, дене шынықтыру дайындығының талаптарына сәйкестігін және кәсіби құзыреттерге сәйкестігін тексеру Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 683 қаулысына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 77 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13199 болып тіркелген) Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 758 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21580 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 тамыздағы

№ 870 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14305 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс пен тағылымдама өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.04.2021 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Кандидаттың жеке басын зерделеу процесінде оның денсаулық жағдайы, оның білімі мен арнайы даярлығының сәйкестігі, дене шынықтыру дамуының деңгейі (нәтижелері кандидаттың жеке ісіне тігіледі), ол тағайындалатын лауазымға қойылатын талаптарға сәйкестігі (оның ішінде кәсіби құзыреттерге сәйкестігі), кандидаттың отбасылық жағдайы мен оның әлеуметтік ортасы, мінезі айқындалады. Кандидат ПО-ның әкімшілік есептері бойынша тексеріледі. Зерделеу нәтижелері тексерісті жүзеге асыратын кадр аппараты қызметкерінің баянатында көрсетіледі.

10. Кандидаттың пайдаланылуы болжанатын ішкі істер органының немесе бөлінісінің басшысы онымен жеке әңгімелесу жүргізеді, алдын ала зерделеу барысында алынған деректерді анықтайды, алдағы жұмыстың сипатын түсіндіреді.

Кандидаттың ата-анасымен, зайыбымен (жұбайымен) әңгімелесу жүргізіледі. Кандидаттың ПО-ға қызметке тұру себептері анықталады. Кандидаттың және оның туыстарының назарын қызмет бойынша шектеулерге, алдағы қызметтің сипатына, оны мезгілсіз уақытта, демалыс және мереке күндері қызметке тарту мүмкіндігіне, сондай-ақ ПО-да қызмет өткеру кезіндегі жеңілдіктер мен артықшылықтарға аударлады.

11. Кандидатты зерделеуді жалғастырудың мақсатқа сайлылығы туралы шешім қабылдаған кезде салалық қызмет, бөлініс басшысы кандидатты зерделеу қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПО-ға қызметке қабылдау туралы қорытындының бірінші бөлімін толтырады. Осы бөлімде кандидатты зерделеген адамдардың тегі, кандидатты сипаттайтын деректерін зерделеу нәтижелері, кандидатты пайдалануға болжанатын лауазымы мен жұмыс учаскесі, кандидатты ПО-ға қызметке кімнің ұсынғаны көрсетіледі.

Қызметке қабылдау туралы қорытынды, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өмірбаяны лауазымға тағайындауға құқығы бар ішкі істер органының немесе бөлінісінің бастығына жолданады, ол келіп түскен материалдарды қарайды және оң шешім қабылдаған кезде оларды үміткерге жедел және арнайы тексеріс жүргізу үшін кадр аппаратына жолдайды.

12. Бұрын медициналық қарсы көрсетілімдер бойынша міндетті әскери қызметтен өтпеген, ал кейіннен әскери қызметке жарамды деп танылған немесе бұрын құқық қорғау органдарынан немесе арнайы мемлекеттік органдардан сырқаты немесе денсаулық жағдайы бойынша жұмыстан шығарылған кандидатты ПО-ға қызметке ресімдеу кезінде кандидаттың медициналық құжаттары міндетті түрде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ПМ) орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына бекітуге жолданады, оның қорытындысы ПМ-нің кадрына жолданатын алғашқы арнаулы атағын беруге немесе ПМ-нің кадрына қоюға ұсынымға қоса беріледі. денсаулық жағдайын қажет болған анықтау, сырттай медициналық куәландыру кезінде даулы мәселелер туындаған кезде кандидаттар ПМ-нің орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына шақырылады.

13. Арнайы тексеріс қызметке іріктелетін адамдарды зерделеу құралы болып табылады және қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылау мәніне кандидатқа және оның туыстарына (оның әкесі, анасы, туған ағалары мен әпкелері (қарындастары), кандидаттың әйелі (күйеуі), оның әкесі, анасы, туған ағалары мен әпкелері (қарындастары), 14 жасқа толған балалары) қатысты мәліметтерді нақтылау мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізім жасалады.

Арнайы тексеріске қатардағы және басшы құрамның лауазымдарына ПО-ға қызметке, оның ішінде ПМ-нің ведомстволық білім беру ұйымдарына (оқу орындарына) оқуға қабылданатын адамдар жатады.

Кандидаттың жақын туыстарынан біреуі, оның әйелі (күйеуі) ПО-да қызмет өткеретін болса, оған тексеріс жіргізілмейді, отбасының басқа мүшелері жалпы негіздерде тексеріске жатады.

14. Арнайы тексеріске жататын адамдар ПО-ның жедел есептері бойынша тексеріледі. Бір мезгілде, кадр аппараты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне немесе оның аумақтық органдарына (бұдан әрі – ҚСЖАЕАК) кандидатқа сұрау салу жасайды.

Ұлттық қауіпсіздік органдарына жолданатын және ішкі істер органдарының кадр қызметіне ұсынылатын тексеріске жататын адамдар туралы материалдарда:

1) туған жылы мен жерін, жұмыс немесе оқу орнын, атқаратын лауазымын және тұратын жерін көрсете отырып, тексерілетін адамға және оның жақын туыстарына (әйеліне, күйеуіне, әкесіне, анасына, аға-інілеріне, әпке-қарындастарына, балаларына) толық айқындама деректер;

2) атқаратын лауазымын, органның ұйымның атауын және оның орналасқан орнын көрсете отырып, ресімделетін адамның еңбек қызметі туралы;

3) ресімделетін адамның шетелде туыстарының бар-жоғы туралы мәліметтер болуы тиіс.

1)-3) тармақшаларда көрсетілген мәліметтерді қызметке кандидат кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақта және өмірбаянда баяндайды, олар ПО кадр қызметі басшысының қолымен бекітіледі.

Материалдарға: кандидатқа және оның зайыбына (жұбайына) кірістер мен мүлігі туралы декларация тапсыру туралы салық органдарынан анықтамалардың көшірмесі, білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырған көшірмесі, сондай-ақ өлшемі 3,5x4,5 см екі фотосурет қоса беріледі.

15. Жедел есептер бойынша тексеру осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талаптарды пайдалана отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр аппаратының бастығы бекіткен жоспар бойынша жүргізіледі. Кандидаттың әйелінің (күйеуінің), олардың жақын туыстарының соттылығы туралы мәліметтерді, сондай-ақ теріс (беделіне нұқсан келтіретін) сипаттағы басқа да мәліметтерді алған жағдайда, қорытындыда жасалған қылмыстың қоғамдық қауіпін, туыстық дәрежесін, алдағы қызметтің сипатын, кандидатқа тигізетін теріс ықпалын, соттылығы бар туыстарынан материалдық және өзге де тәуелділігін ескере отырып, кандидатты қызметке қабылдау мүмкіндігі негізделеді.

Арнайы тексеріс аяқталғаннан кейін тексерісті жүзеге асыратын кадр аппаратының қызметкері тексеріс нәтижелерін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке қабылдау туралы қорытындының екінші бөліміне енгізеді.

16. Арнайы тексеріс материалдары, сондай-ақ ҚСЖАЕАК-нан алынған жауап лауазымға тағайындау құқығы бар бастыққа бекітуге баяндалады. Қызметке қабылдау туралы мәселе оң шешілген жағдайда, нәтижелері кандидатты пайдалануға болжанатын органның, салалық бөліністің басшысына хабарланады.

17. ПМ-нің кадр аппараты ПО-ға қызметке алғаш рет қабылданатын кандидаттарды қоспағанда, бұрын құқық қорғау органдарында қызмет өткермеген кандидатты ПО-ға қызметке ресімдеу кезінде оның Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін зерделейді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.10.2020 № 726 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлерінің материалдарын зерделеу кезінде кандидаттардың жеке ісінің қызметтен шығарылғаннан кейінгі, еңбек қызметінің материалдары бойынша сипатталатын деректерге, расталатын құжаттардың бар-жоғына назар

аударылады. Бір мезгілде өзіндік қауіпсіздік бөлінісінен, ал қажет болған жағдайда кандидат бұрын қызмет атқарған басқа да құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдарының ұқсас бөліністерінен кандидатқа қатысты беделіне нұқсан келтіретін материалдардың бар-жоғы туралы мәліметтерді сұратады.

19. Бұрын құқық қорғау органдарында қызмет өткерген кандидатты зерделеу аяқталғаннан кейін ПМ кадр аппаратының басшысымен және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарымен келісілген орындаушының қолы қойылған тиісті қорытындылары бар дәлелді қорытынды шығарылады.

20. ПО-ға қызметке қабылдаудан бас тартқан кезде ПМ-нің кадр аппараты бас тарту себептерін көрсете отырып, қорытынды шығарады, ол тиісті қызметпен келісіледі және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасары бекітеді.

21. Қызметке қабылдаудан бас тарту туралы шешімнің себептері кандидатқа хабарланады. ПО-ға қызметке қабылданбаған кандидаттарға арнайы тексеріс материалдары бір жыл өткеннен кейін жойылады.

22. Кандидаттарға келісуге толық көлемде ұсынылмаған материалдар қараусыз қайтарылады.

23. Жасы отыз бестен асқан адамдарды ПО-ға қызметке қабылдау туралы мәселені қарау кезінде ПО аумақтық органының, ПМ ведомстволық білім беру ұйымының (оқу орнының) кадр аппараты бірінші басшы қол қойған қолдаухатты, қалыптастырылған жеке істі ПМ-нің кадр аппаратына жолдайды. ПМ-нің кадр аппараты материалдарды қарап, дәлелді қорытынды шығарады. Оң шешім қабылдаған кезде осы қорытынды кандидатты (егер ол қатардағы, кіші немесе орта басшы құрамның лауазымына тағайындауға кандидат болып табылған жағдайда) арнайы бастапқы оқуға және кандидатты одан әрі ПО-ға қызметке қабылдауға жолдау үшін негіз болып табылады. Кейін кандидатты алғашқы арнаулы атағын беруге немесе ПО-ның, басқа құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардың бұрынғы басшы құрамы адамдарын ПМ-нің кадрына қабылдауға ұсыну кезінде ПМ-нің кадр аппаратына жолданатын ұсынымхатқа көрсетілген қорытындының көшірмесі қоса беріледі.

Ішкі істер органдарына қызметке (
оқуға)
қабылданатын кандидаттарды іріктеу
және
оларды алдын ала зерделеуді жүзеге
асыру
қағидаларына
1-қосымша

БЕКІТЕМІН
УТВЕРЖДАЮ

(лауазымға тағайындау құқығы бар ішкі істер органының бастығы)

(начальник органа внутренних дел, пользующийся

правом назначения на должность)

Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

З А К Л Ю Ч Е Н И Е

о приеме на службу в органы внутренних дел

*(үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) табыс септігінде/
фамилия, имя, отчество (при его наличии) кандидата в родительном падеже)*

1. Үміткерді алдын-ала зерттеп білу нәтижелері туралы анықтама
Справка о результатах предварительного изучения кандидата

(нұсқаулықтың 9 тармағына сәйкес/в соответствии с пунктом 9 инструкции)

*указываются фамилии лиц, изучавших кандидата, результаты изучения,
характеризующие кандидата данные, должность и участок работы,*

на которых предполагается использовать кандидата,
кто рекомендовал кандидата для службы в ОВД и другие данные, имеющие
существенное

значение для принятия решения

(органның, бөлімшенің бастығы, арнайы атағы/
начальник органа, подразделения, специальное звание)

Қолы _____

(тегі, аты-жөні (болған жағдайда)/инициалы, фамилия)

20__ ж. " __ " _____ г.

2. Тексеріс нәтижелері _____

Результаты проверки _____

Қолы _____

(лауазымы, арнайы атағы / должность, специальное звание)

(тегі, аты-жөні (болған жағдайда)/ инициалы, фамилия)

20__ ж. " __ " _____ г.

3. Үміткердің ішкі істер органдарында қызмет етуге жарамдылығы туралы
әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы

Заключение военно-врачебной комиссии о годности кандидата к службе
в органах внутренних дел _____

Үміткерді психофизиологиялық тексеру қорытындылары _____

Результаты психофизиологического обследования кандидата

Қолы _____

(лауазымы, арнайы атағы / должность, специальное звание)

(тегі, аты-жөні (болған жағдайда)/ инициалы, фамилия)

20__ ж. " __ " _____ г.

4. Үміткерді зерттеп білу нәтижелері _____

Результаты изучения кандидата

(нұсқаулыққа сәйкес / в соответствии с инструкцией)

Үміткерді зерттеп білу нәтижелері бойынша қорытынды

Вывод по результатам изучения кандидата

(ішкі істер органын көрсете отырып, нақты лауазымға тағайындау;
ІІМ-нің оқу орнын көрсете отырып,

оқуға жіберу; себебін, қосымша зерттеу уақытын,
үміткерді зерттеуге жауапты лауазымды адамды көрсете

отырып, үміткерді зерттеуді жалғастыру; толықтыру үшін резервке қосу;
ішкі істер органдарындағы қызметке

үміткерлер қатарынан алып тастау/
назначить на конкретную должность с указанием органа внутренних дел;

1. _____

*(органның, салалық бөлімшенің бастығы
(тегі, аты-жөні (болған жағдайда) арнайы атағы)/*

начальник органа, подразделения, специальное звание фамилия, инициалы)
20 _____ ж. " _____ " _____ г.

2. _____

*(орган, салалық бөлімше бастығының кадр жұмысы жөніндегі орынбасары,
арнайы атағы*

*(тегі, аты-жөні (болған жағдайда)/ заместитель начальника органа,
подразделения по
кадровой работе, специальное звание, фамилия, инициалы,*

20 _____ ж. " _____ " _____ г.

3. _____

*(орган, салалық бөлімше бастығының қызмет бойынша жетекшілік ететін
орынбасары,*

*арнайы атағы тегі, аты-жөні (болған жағдайда) /заместитель начальника
органа,*

*отраслевого подразделения по курируемой службе специальное звание
фамилия инициалы,)*

20 _____ ж. " _____ " _____ г.

4. _____

*(Басқарма кадр аппаратының бастығы, (тегі, аты-жөні (болған жағдайда),
арнайы атағы*

*/начальник кадрового аппарата Управления, специальное звание, фамилия,
инициалы,*

20 ____ ж. " ____ " _____ г.

5. _____

(Басқарма бөлімінің бастығы, (арнайы атағы тегі, аты-жөні (болған жағдайда)

/

начальник отдела Управления, специальное звание, фамилия инициалы),

20 ____ ж. " ____ " _____ г.

6. _____

(Жетекшілік ететін қызмет бойынша Басқарма бастығының орынбасары (арнайы атағы

тегі, аты-жөні (болған жағдайда)/заместитель начальника Управления по курируемой

службе специальное звание, фамилия, инициалы,

20 ____ ж. " ____ " _____ г.

Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға)
қабылданатын кандидаттарды іріктеу және
оларды алдын ала зерделеуді жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша

Кадр есебі жөніндегі жеке

ІС ПАРАҒЫ

ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК

по учету кадров

1. Тегі _____

Фамилия

Аты _____

имя

әкесінің аты (болған жағдайда) _____

отчество (при его наличии)

2. Жынысы _____
 Пол _____
 3. Туған жылы, айы, күні _____
 Год, число и м-ц рождения _____
 4. Туған жері _____
 Место рождения _____
 (ауыл, деревня, қала, аудан, облыс, республика)
 (село, деревня, город, район, область, республика)

Фотосуретке
 арналған
 орын
 Место для
 фотокарточки

6. Ұлты _____ 6. Азаматтығы _____
 Национальность Гражданство _____
 7. Білімі _____
 Образование _____

Оқу орнының атауы және оның тұрған жері Название учебного заведения и его местонахождение	Факультеті немесе бөлімі Факультет или отделение	Түскен жылы Год поступления	Бітірген немесе шыққан жылы Год окончания или ухода	Бітірмесе, қай курстан кетті Если не оконч. то с какого курса ушел	Оқу орнын бітірген соң қандай біліктілік алып шықты, диплом не куәлік нөмірін көрсету керек. Какую квалификацию получил в результате окончания учебного заведения, указать № диплома или удостоверения

8. Ана тіліңіз, басқа қандай тілдерді және қай дәрежеде білесіз

Родной язык, какими другими языками владеете и в какой степени

(оқи аласыз ба әлде сөздікпен аудар аласыз ба, оқи аласыз ба әлде түсіне аласыз ба, еркін сөйлейсіз бе читаете и переводите со словарем, читаете и можете объясняться, владеете свободно)

9. Ғылыми дәрежеңіз, атағыңыз _____

Ученая степень, ученое звание

10. Қандай ғылыми еңбектеріңіз бен ғылыми жаңалықтарыңыз бар

Какие имеете научные труды и изобретения

11. Сіз және сіздің жақын туысқандарыңыз* сотты болғансыздар ма

Имеете Вы и Ваши близкие родственники* судимость

(қашан және не үшін кім соттады, жазалау шарасы/кем, когда и за что осужден, мера наказания)

12. Еңбек жолын бастағаннан бері істеген жұмыстары (жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқыған жылдарын, әскери қызметін, қоса атқарған жұмысын, т.б. қоса есептегенде).

Выполняемая работа с начала трудовой деятельности (включая учебу в высших и средних специальных учебных заведениях, военную службу, работу по совместительству и др.).

Айы және жылы Месяц и год		Қызметі, мекеме, ұйым, кәсіпорын, сондай-ақ министрлік (ведомство) қоса көрсетілсін	Мекеме, ұйым, кәсіпорынның тұрған жері
Келген Вступления	Кеткен ухода	Должность с указанием учреждения, организации , предприятия, а также министерства (ведомства)	Местонахождение учреждения, организации, предприятия

Бұл тармақты толтырғанда мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар кезінде қалай аталса, сол қалпында берілсін, әскери қызмет лауазымы округімен қоса көрсетілсін.

При заполнении данного пункта учреждения, организации и предприятия необходимо именовать так, как они назывались в свое время, военную

службу записывать с указанием должности, округа.

13. Жеке і парағын толтырған кездегі отбасы жағдайы, Сіздің жақын туысқандарыңыз*

Семейное положение в момент заполнения личного листка, Ваши близкие родственники*

Туысқандық дәрежесі Степень родства	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество (при его наличии)	Туған жері, жылы, айы, күні Дата и место рождения	Жұмыс орны, лауазымы Место работы, должность	Тұрғылықты мекен жайы

*Жақын туысқандары: жұбайлар, олардың ата-аналары, аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері), балалары

* Близкие родственники: супруги, их родители, братья, сестры, дети. Егер осы адамдар заңмен белгіленген тәртіпте тегін, атын, әкесінің атын өзгертсе (болған жағдайда), олардың бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ бұрынғы жұбайлар туралы деректер де көрсетілісін.

Указать и прежние фамилии, имена и отчества (при его наличии) этих лиц, если они изменили их в установленном порядке, а также данные на бывших супругов.

14. Шетелдерде болуы (жұмыс, қызметтік іссапар, делегация құрамында бару)

Пребывание за границей (работа, служебная командировка, поездка с делегацией)

Жылы мен айы Месяц и год	Қай уақыттан бастап С какого времени	Қай уақытқа дейін По какое время	Қай елде В какой стране	Шетелге келу себебі Цель пребывания за границей

15. Сайланбалы органдарға сайлады немесе сайланды (қайда, қандай органдарға және қашан)

В какие выборные органы избирался или избрали (где, в какие и когда)

16. Әскери қызметке қатысы _____

Отношение к воинской обязанности (әскери міндетті, әскери міндетті емес

Военнообязанный, невоеннообязанный)

(әскери-есепке алу мамандығы, әскери атағы, әскери билетінің нөмірі және жеке нөмірі военно-учетная специальность, воинское звание,

номер военного билета и личный номер)

17. Қандай мемлекеттік наградаларыңыз бар _____

Какие имеете государственные награды

(қашан, кім немен наградтады
когда, кем и чем награждены)

18. Паспорты _____

Паспорт (сериясы, нөмірі, кім және қашан берген, тіркелген мекен жайы серия, номер, кем и когда выдан, адрес прописки) _____

19. Тұрғылықты мекен жайы _____

Место жительства

20__ ж. "_____" _____ Өзінің қолы _____

г. (толтырылған мезгілі/дата заполнения) Личная подпись

(Жеке іс парағын толтырушы қызметкер кейінгі өзгерістер туралы:

обязательным указанием следующих сведений:

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған датасы мен жері, ұлты, ана тілі, тағы қандай тілдерді біледі;
- фамилия, имя, отчество (*при его наличии*), дата и место рождения, национальность, родной язык, какими языками еще владеет;
- қашан, қайда, қандай оқу орындарында оқыды, білімі бойынша мамандығы;
- когда, где, в каких учебных заведениях учился, специальность по образованию;
- кім болып, қашан және қайда жұмыс істеді, кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның толық атауы мен мекен жайы, бір жұмыстан басқа жұмысқа ауысу себебі көрсетілсін, тәртіптік, материалдық немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылды ма (қашан, кім қолданды, не үшін, ықпал ету шарасы);
- кем, когда и где работал с указанием полного наименования и адреса предприятия, учреждения или организации, причины перехода с одной работы на другую, применялись ли меры дисциплинарного, материального или общественного воздействия (когда, кем, за что, мера воздействия);
- әскери міндеттілікке қатысы, мерзімді әскери қызметке қашан және қандай қорғаныс жөніндегі істер басқармасы (бөлімі) шақырды (егер шақырылмаса, себебі көрсетілсін), қандай әскери бөлімдерде (нөмірлері көрсетілсін) және кім болып қызмет атқарды, Қарулы Күштерден запасқа қашан және қандай лауазымнан босатылған, әскери атағы;
- отношение к военной обязанности, когда и каким управлением (отделом) по делам обороны призван на действительную военную службу (если не призвался, указать причину), в каких воинских частях (указать номера) и в качестве кого проходил службу,

когда и с какой должности уволен в _____
запас Вооруженных Сил, воинское _____
звание; _____
- отбасы жағдайы, қашан некеге _____
тұрды, әйелінің (ерінің) тегі, аты, _____
әкесінің аты (болған жағдайда), туған датасы мен _____
жері, ұлты, жұмыс орны мен _____
лауазымы, тұрғылықты жері _____
(сондай-ақ үміткер мен оның _____
әйелінің (ерінің) жақын _____
туысқандары; әкесі, шешесі, _____
аға-інілері, апа-қарындастары _____
(сіңлілері) мен балалары, сондай-ақ _____
бұрынғы әйелдері (ерлері) және _____
олардың жақын туысқандары, ажырасу _____
себептері көрсетіле отырып, некені _____
бұзу туралы куәліктерінің _____
нөмірлері, оларды қандай орган _____
қашан бергені туралы мәліметтер; _____
егер үміткер, оның әйелі (ері) _____
немесе жақын туысқандары тегін, _____
атын, әкесінің атын өзгерткен _____
болса, олардың бұрынғы бағыттық _____
деректері көрсетіледі, _____
туысқандарынан кім ішкі істер _____
органдарында немесе ішкі әскерлерде _____
қызмет етеді (туысқандық дәрежесі, _____
тегі, аты, әкесінің аты, қайда, _____
лауазымы, арнайы немесе әскери _____
атағы); _____
- семейное положение, когда _____
вступил в брак, фамилия, имя, _____
отчество (при его наличии), дата и место рождения, _____
национальность; место работы и _____
должность, место жительства жены _____
(мужа); такие же сведения на _____
близких родственников кандидата и _____
его жены (мужа); отца, мать, _____
братьев, сестер и детей, а также на _____
бывших жен (мужей) и их близких _____
родственников с указанием причин _____
развода, номера свидетельств о _____
расторжении брака, когда и каким _____
органом оно выдано; если кандидат, _____
его жена (муж) или их близкие _____
родственники изменяли фамилию, имя, _____
отчество, то указывается и их _____
прежние установочные данные; служит _____
ли то из родственников в органах _____
внутренних дел или во внутренних _____

№	дәрежесі	(болған жағдайда)	мен жері	және лауазымы	Тұратын жері
---	----------	-------------------	----------	---------------	--------------

Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және оларды алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидаларына 5-қосымша

Құпия
(толтыру бойынша)

Т А Л А П

20 ___ жылғы " ___ " _____

№ _____

(талап жолданған органның атауы)

1. **Тегі** | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _

2. **Аты** | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _

3. **Әкесінің аты** | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _

(болған жағдайда)

4. **Туған күні:** | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _ | _

Күні Айы Жылы

5. **Туған**

жері: _____

Облыс

Аудан, елді мекен

Сауалнамалық деректер айтылған сөздерінен/жеке басын куәландыратын құжатынан енгізілді

қажетсізді сызып тастау

6. **Тіркелу мекенжайы:**

7. Тексеріс себебі _____

8. Қандай анықтама қажет: _____

Орындаушы: _____

лауазымы, тегі

Тексеруге рұқсат беремін:

М.О. _____

орган басшысының қолы, тегі

Жіберушінің мекенжайы: _____

индекс, елді мекен, аудан, облыс

Орган

Назар аударыңыз! Тексерілетін адамның сауалнамалық деректерін бұрмалау теріс мәліметтерді беруге әкеп соқтырады. Өшіруге және түзетуге жол берілмейді. Талаптың барлық деректемелерін толтыру міндетті **150x210**)

Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға)
кабылданатын кандидаттарды іріктеу және оларды алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидаларына б-қосымша

Күпия

(толтыру бойынша)

"БЕКІТЕМІН"

(лауазымы, арнаулы атағы

аты-жөні, тегі және

қолы)

20 ____ жылғы " ____ " _____

(кандидаттың аты-жөні, тегі)

жедел есептер бойынша тексеріс жүргізу

Ж О С П А Р Ы

р/с № п/п	Кандидаттың, жақын туыстарының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туыстық дәрежесі	Туған күні мен жері	Тұратын жері	Жедел есептер бойынша тексеріске талаптар қайда және қашан жолданды	Тексеріс нәтижелері
1	2	3	4	5	6

жоспарды жасайтын адамның лауазымы, арнаулы атағы, аты-жөні, тегі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК